Химиялық құрамы. Жер үсті бөлігінде алкалоидтар (0,7 %-дай): фетидин, магнофлорин, тальфин, тальфинин, 1 %-дай флавоноидтар, кумариндер, тритерпенді гликозидтер, органикалық қышқылдар, шайырлар бар.

Медицинада қолданылуы. «Фетидин» тұнбасы мен препаратын 1 және 2 кезеңдегі гипертониялық ауруларда қолданады. Одан басқа фетидин алкалоидының қабынуға қарсы және ісінуге қарсы да әсерлері бар [4].

Қолдану тәсілі мен мөлшері. Шөбінің тұнбасын 70 %-тік спиртте гипертониялық аурулардың ерте кезеңдерінде күніне 15–20 тамшыдан 2–3 рет қабылдайды. Бұл тұнба стенокардия және қан айналысының бұзылуы кезінде жағымды әсер етеді.

Қайнатпа түрінде 10 г шикізатты 1 стакан қайнаған суда 10 мин қайнатып, 1 ас қасықтан күніне 3–4 рет ас қорыту мүшелерінің қызметі бұзылғанда және іш өткенде, бауыр және өт қабы ауырғанда, әр түрлі қан кету кездерінде (мұрыннан, өкпеден, жатырдан және т.б.). Тұнба: шикізаттың бір ас қасығына бір стакан ыстық су құйып, 10–15 мин тұндырып, күніне 3–4 рет тамаққа дейін қабылдау керек. Сонымен қатар артритте және артрозда буынның қатты ауыруы кезінде қолданылады.

Халық медицинасында қолданылуы. Халық медицинасында маралотын сыртқы және ішкі қан кетулерде, жараларды, бөртпелерді, ірінді жараларды өңдеуге пайдаланады. Біздің зерттеуге бастапқы объект ретінде Сасық марал оты (*Thalictrum foetidum* — Василистник вонючий) өсімдігі алынды.



1-сурет. Сасық маралоты (*Thalictrum foetidum* L.) өсімдігі

Қазақстан флорасында маралотының бұдан басқа 7 түрі кездеседі. Солардың ішінде сасық маралотына химиялық құрамы, таралуы және халық медицинасында қолданылуы жағынан ұқсас Дөң маралоты, Төбешік маралоты, Кәдімгі маралоты, Сары маралоты түрлері де бар. Биіктігі 20–70 см болатын, ұсақ бездеуіт түктермен жабылған, жағымсыз иісі бар көпжылдық шөптектес өсімдік. Тамыр сабағы қысқа, көлденең орналасқан, көптеген қысқа қосалқы тамырлары бар. Сабағының төменгі бөлігі күлгін түсті, биіктігі 15–65 см, сабақтың негізі жапырақсыз, ал ортаңғы және жоғарғы бөліктерінде жапырақтары бар. Жапырақтарының пішіні кең үшбұрышты, ұзындығы 20 см, ені 15 см, қысқа сағақты, күрделі тілімді, үш дүркін және төрт дүркін қауырсынды. Бұның ұсақ дөңгелек-сопақшалы пішінді, қатпарланған, ұшында үш тісті көптеген жапырақтары бар. Гүл шоғы — ұзындығы 30 см және ені 3–20 см болатын борпылдақ шашақты сыпыртқы. Гүлдері ұсақ, ұзындығы 0,5–4 см болатын гүл сағағында орналасқан, гүл серігінің жапырағының саны 4–5, жұмыртқа пішінді, оның ұзындығы 3–4 мм, ені 1–2 мм, күлгін түсті. Аталықтарының саны көп, олар аналықтардан 2,5–3 есе ұзын, сары

тозаңқаптары бар. Жемісі — жұмыртқа тәрізді немесе жұмыртқа тәрізді сопақша пішінді жаңғақ, ол қабысыңқы келген, ұзындығы 2–3,5 мм, ені 1,5–2,3 мм, бездеуіт түктері бар, сопақша, бұдырлы, жемістің ұшы тік немесе әлсіз иілген болып келеді (1-сур.).

Сасық маралоты өсімдігінің жалпы сипаттамасы

Сарғалдақтар — Лютиковые — *Ranunculaceae* Juss

Сасық маралоты — Василистник вонючий — *Thalictrum foetidum* L.

Маусым-шілде айларында гүлдейді де, шілде-тамызда жеміс береді. Тұқымдары арқылы вегетативтік жолмен көбейеді (1-кесте).


1 - к е с т е

Сасық маралоты (*Thalictrum foetidum* L.) өсімдігінің морфологиялық ерекшеліктері

Өсімдік мүшелері	Өсімдік атауы Сасық маралоты (<i>Thalictrum foetidum</i> L.) өсімдігі		Гүлдейтін кезі
Тамыр	Тамыр сабағы қысқа көлденең орналасқан, көптеген қысқа қосалқы тамырлары бар	Күрделі гүлділер тұқымдасы. Биіктігі 25–35 см-ге жететін көпжылдық өсімдік	Маусым-шілде айларында гүлдейді. Шілде-тамыз айларында жеміс береді
Сабақ	Сабақтың негізі жапырақсыз, ал ортаңғы және жоғарғы бөліктерінде жапырақтары болады	Таулардың тасты және қиыршық тасты жерлерінде бұта тектесті, орманды субальпілі белдеулерінде өседі	
Жапырақ	Жапырақтарының пішіні кең үшбұрышты, қысқа сағақты, күрделі тілімді, үш және төрт қауырсынды		
Гүл	Гүлдері ұсақ, ұзындығы 0,5–4 см, күлгін түсті. Гүл серігінің жапырағының саны 4–5, жұмыртқа тәрізді сопақша пішінді		

*Сасық маралоты (*Thalictrum foetidum* L.) өсімдігінен алкалоид глауцинді бөліп алу*

Қарағанды облысы Қарқаралы аймағынан жиналып алынған Сасық маралоты (*Thalictrum foetidum* L.) өсімдігінің жерүсті бөлігі зерттелді. Глауцин (2-сур.) *Thalictrum foetidum* L. (Василистник вонючий) өсімдігінің жерүсті бөлігінен бөлініп алынды.



2-сурет. Глауцинның химиялық формуласы

Колонкалы хроматография үшін алюминий тотығы (актив дәрежесі II), жұқа қабаты хроматография үшін Silufol UV-254 и Silicagel on Aluminum, 20X, көрінуіне йод буы қолданылды. Балку температурасы «Boethius» аспабында анықталды. ИК-спектрі Фурье-спектрофотометрінде «Vektor-22» KBr мен түсірілді. ЯМР ^{13}C спектрлері «Bruker AC 200» [жұмыс жиілігі 50,32 МГц (^{13}C)] және «Bruker DRX 500» [жұмыс жиілігі 125,76 МГц (^{13}C)] 5 %-ті CDCl_3 немесе CD_3OD ертінділерінде түсірілді.

Хлороформды шаймалау

Ауада кептірілген 900 г шикізаттың жерүсті бөлігі 5 %-ті 100 мл сода ерітіндісімен өңделді. Шикізатты төрт рет 200 мл хлороформмен шаймаланды. Хлороформ шайманың еріткіші вакуумда айдалды. Қалған шайма 5 %-ті 50 мл күкірт қышқылымен өңделді. Қышқылды қосындысы екі рет 100 мл хлороформмен шаймаланып, белгіш воронка арқылы хлороформды шайма бөлініп алынды.

Алынған хлороформды шайма вакуумда айдалып, 0,12 г (1,3 % ауада кептірілген құрғақ шикізатқа шаққанда) экстрактивті заттар қосындысы бөлініп алынды. Шығымы 400 мг (0,05 %) құрайды. Құрамы $C_{21}H_{25}NO_4$, балқу температурасы 115–117 °С.

ИК-спектрі (KBr, ν , cm^{-1}): 846, 950, 975, 1005, 1121, 1161, 1200, 1228, 1318, 1392, 1440, 1535, 1595, 1600, 2850, 2930, 2958.

ПМР-спектрі (200 МГц, $CDCl_3$, δ , м.д., J/Гц): 3,0 (3H, с., N-CH₃); 3,35 (2H, тр., J = 6, H-5); 3,87, 3,96, 3,99, 4,0 (3H, с, OCH₃); 6,79, 6,98, 7,1, 7,23 (1H, с, H-3, H-8, H-11) (2-кесте).

2 - кесте

Глауциннің және оның туындыларының физикалық-химиялық константалары

Табиғи көзі	Брутто-формуласы	R_f	Балқу температурасы, °С	Шығымы, %
Сасық маралоты (<i>Thalictrum foetidum L.</i>) өсімдігі	$C_{21}H_{25}NO_4$	0,3	115–117	0,05

1. Хроматографиялық қағазға ертінділерді сіңіру

Алынған қосылыстардың тазалығын анықтау үшін 5×10 см «Silufol» силикагельді дайын пластинкасы қолданылды. Хроматографиялық пластинканы ұзындығы 10 см етіп жолақ қиып алынды. Қағаздың екі шетінен арақашықтығы 1–2 см қара қарандашпен сызық сызып алып, оның үстіне арасы 2–2,5 см етіп бірінен кейін бірі келетін екі нүкте белгілеп алынды. Осы нүктелерге сыйымдылығы 1 мкл «Hamilton» түрді микрошприц көмегі арқылы анықтайтын ертінділердің аздаған мөлшері тамызылды. Бір нүктеге глауцинді тамызса, ал екінші нүктеге экстрактивті заттар қоспасы тамызылады. Әр нүктеге тамызылған 1 тамшы кепкеннен кейін екінші тамшыны тамызып, ауа ағынында кептіріліп отырылады.

2. Хроматографиялық камерада хроматограмманың орналасуы

«Жоғары қарай жылжитын» хроматограмманы алу үшін қағаздан түтік жасап, шетін бір-біріне тиместей етіп тігеді, қыстырғышпен бекітеді. Осылай түтік сияқты оралған қағазды хроматографиялық ыдысқа анықталатын және стандартты ертінділердің тамшылары тамызылған жағына орналастырылады. Ыдыстың түбіне гексан және этилацетат (1:3) ертіндісін құяды. Қағаз камераның қабырғасына тимеу керек. Ыдыстың аузын шыны қақпақшамен тығыз жауып қояды. Қосылыстардың бөлінуі этилацетат–гексан (3:1) жүйесінде жүргізілді.

3. Хроматограмманың пайда болуы

10 минут уақыт аралығында еріткіш пластинканың 9 см-дей жерге көтеріледі. Белгілі уақыттан кейін хроматограмманы камерадан алып, оны 10 мин ауада кептіреді. Осыдан кейін хроматограмманы кристалды йоды бар камераға салып қояды (5 мин). Одан кейін пластинкадағы хроматограмманы ашу үшін, оны қаныққан $KMnO_4$ ертіндісімен пульверизатор арқылы бүркіп шашады. Хроматограмманы одан кейін сумен жуады. Міне, осы кезде оның бетінде қоңыр дақтар пайда болды. Зерттелетін экстрактивті заттар қоспасынан стандартты алкалоид глауциннен түскен дақтардың орналасу жағдайларын салыстыра отырып, зерттелетін қосылыстардың бар жоғын анықтайды.

Колонкалы хроматография әдісімен заттарды бөлу:

Биіктігі 70 см және диаметрі 30 мм колонкаға екінші дәрежелі 100 г алюминий тотығы толтырылды. Оған 0,11 г экстрактивті заттар қосындысы 3 г алюминий тотығымен араластырылып салынды.

Колонканы этилацетат–гексан (1: 2) гексанмен элюирлеп, өлшенген 50 мл колбаға фракциялар жинап алынды.

Колбадағы алғашқы 4–5 фракцияны вакуумда айдаған кезде май тәрізді заттар парафиндер бөлінді.

Колонканы этил ацетат–гексан (3: 1) қоспасымен элюирлегенде түссіз кристалды зат (1) алынды. Шығымы 400 мг (0,05 %) құрайды.

ИҚ-спектрінің мәліметі бойынша, глауцин молекуласында 2930, 1600, 1440, 2850, 2599, 2700 cm^{-1} , метил тобына, ароматты сақинаға, метилен фрагменттеріне тән байланыстар бар екендігі дәлелденді.

Физикалық-химиялық тұрақтылар мен спектрлік мәліметтерді (ИҚ-спектрі) әдебиетпен салыстыра отырып, алынған қосылыс алкалоид глауцин екендігі анықталды.

ЯМР ^1H (200 МГц, CDCl_3 , δ , м.д., J/Гц): 3,13, 3,50 (3H, с., N-(CH₃)₂); 2,99 (2H, тр., J = 13,5, H-5); 3,80 (1H, д., J = 5,0, H-6); 3,72, 3,87, 3,93, 3,94 (3H, с., OCH₃); 6,93, 7,06, 8,00 (1H, с., H-3, H-8, H-9) (3-кесте).

3 - кесте

Глауцин молекуласының (1) ^{13}C ЯМР спектрінің мәліметтері
(ацетон- d_6 , 125,76 МГц, δ /м.д., J/Гц)

Атом номері	δ /м.д., J/Гц	Атом номері	δ /м.д., J/Гц
C-1a	126,17	C-11a	120,72
C-1b	126,96	C-6a	70,85
C-3	111,99	C-7	44,25
C-3a	124,76	C-7a	128,62
C-9	149,98	OMe	55,55
C-10	147,06		56,62
C-11	113,45		56,80
C-1	155,54		60,87
C-2	150,6	N-CH ₃	30,50
C-8	112,01		

Қорыта келгенде, Қарағанды облысы Қарқаралы аймағында гүлдеу фазасында жиналып алынған Сасық маралоты (*Thalictrum foetidum* L.) өсімдігінің жерүсті бөлігі зерттелініп, алынған қосылыстардың құрылысы анықталды. Сасық маралоты (*Thalictrum foetidum* L.) өсімдік шикізатынан экстрактивті заттар қосындысын алу мақсатында хлороформды шаймалау әдісі қолданылды. Экстрактивті заттар қосындысынан жеке заттарды бөлу силикагельде колонкалы хроматография әдісімен жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Машковский М.Д. Лекарственные средства. — М., 1996. — 235 с.
- 2 Арипова Х.Н. Итоги исследования алкалоидоносных растений. — Ташкент, 1993. — 220 с.
- 3 Садриддинов Ф.С., Курмуков А.Г. Фармакология растительных алкалоидов и их применение в медицине. — Ташкент: Медицина, 1980.
- 4 Wu Yang-Chang, Lu Sheng-Tek. Цитотоксичные апорфиноидные алкалоиды из *Thalictrum sessile* // Phytochemistry. — 1988. — Vol. 27. — P. 1563–1564.

Ж.Ж.Жұмағалиева

Выделение алкалоида глауцина из растений василистника вонючего (*Thalictrum foetidum* L.)

В статье отмечено, что флора Казахстана в своем составе насчитывает более ста видов алкалоидоносных растений. Известно, что растения рода *Thalictrum foetidum* L. (василистник вонючий) семейства *Ranunculaceae* широко распространены по всему земному шару и издавна применяются в народной медицине. Авторами изучено растение *Thalictrum foetidum* (василистник вонючий), собранное в Карагандинской области в фазу цветения. Из надземной части растения *Thalictrum foetidum* методом хлороформной экстракции получили сумму экстрактивных веществ.

Zh.Zh.Zhumagalieva

Isolation of alkaloids glaucine from plant Stinking rue (*Thalictrum foetidum* L.)

The flora of Kazakhstan contains more than one hundred types of plants contained of alkaloids. Plants of sort named *Thalictrum foetidum* L. (*Thalictrum smelly*) *Ranunculaceae* families are widely widespread on all

globe and long time applied in traditional medicine. This work in we studied *Thalictrum foetidum* L. plant (*Thalictrum smelly*) collected in the Karaganda region area in a phase of blossoming. Using of chloroform we have extracted the extractive substances from top part of a plant of *Thalictrum foetidum* L.

References

- 1 Mashkovskiy M.D. *Medicines*, Moscow, 1996, 235 p.
- 2 Aripova H.N. *Itogi research alkaloidonosnyh plants*, Tashkent, 1993, 220 p.
- 3 Sadritdinov F.S., Kurmukov A.G. *Pharmacology plant alkaloids and their use in medicine*, Tashkent: Meditsina, 1980.
- 4 Wu Yang-Chang, Lu Sheng-Tek. *Phytochemistry*, 1988, 27, p. 1563–1564.

Р.Т.Мусина, Е.Қ.Кейкин

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rosanna_83@mail.ru)*

Жалпы білім беретін мектептердегі экологиялық білім берудің мақсаты мен мазмұны

Мақалада жалпы білім беретін мектептердегі экологиялық білім берудің мақсаты мен мазмұны қарастырылған. Экологиялық білім берудің мақсаты нақты анықталып, жеке тұлғаның бойында экологиялық мәдениетті дамыту көрсетілген. Экологиялық білім берудің мазмұны педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік принциптер негізінде ашылып, білім деңгейін қалыптастыратын құрылымның мазмұны келтірілген.

Кілт сөздер: гносеология, экология, мәдени-зеректік принцип, жүйелілік принцип, ғылыми принцип, фундаменталдық принцип, аксиология.

Білім берудің мақсаттары жалпы адамзаттық идеалға, ұлттық дәстүрлерге, білім беру жүйесіндегі нақты жағдайларға байланысты. Мұндай нақты мақсаттар экологиялық мәдениеттің қалыптасу кезеңдері мен тәсілдерін анықтайды.

Кез келген педагогикалық білім беру жүйесінде оқу мазмұны, үрдіс, оқытудың нәтижесі және тәрбиені қатар, мақсат негізгі жүйе құраушы фактор болып әлеуметтік мақсаттардың жиынтығы ретінде, саяси, әлеуметтік және ғылыми-педагогикалық факторлардың ықпалында білімдерді дамыту болып табылады.

Экологиялық білім беру әлеуметтік мақсат пен және жеке адамды қалыптастыру мақсатын қамтиды. Әлеуметтік мақсаттар қоғамның өзін-өзі дамыту кезегінде қалыптасады, сонымен қатар әр адамның білім беру жүйесіндегі жеке қабілеттерінде, өз бетімен білім алуды және кәсіптік еңбектерді қамтиды.

Экологиялық білім беру негізінде әлеуметтік қатынас қалыптасады. Экологияны оқушыларда ғылыми көзқарасты, жаратылыстану және гуманитарлық білімдерді дамытуды қалыптастыратын кайнар көзі ретінде қарастыру қажет.

Экологиялық білім берудің басты мақсаты — жеке адамда экологиялық мәдениетті және адамзат пен табиғат арасындағы практикалық, рухани тәжірибені ұштастыра отырап, қоғамды қалыптастыру. Бұл мақсат жеке адамды дамытып қалыптастыруды және қоршаған ортамен үйлесімде өмір сүруге бағыттайды [1].

Экологиялық мәдениет құрамына практикалық, рухани тәжірибені және әлеуметтік прогресті толығымен қалыптастырады. Жеке адамда экологиялық сананы дамытуда, яғни осы мақсатқа жету үшін басты рөлді табиғи заңдылықтарды түсіну «табиғат-қоғам» жүйесіндегі туындайтын келіспеушілік себеп салдарын анықтау болып табылады.

Дәстүрлі түрде экологияны оқытудың мақсаттары оқытушы (білім беруші), тәрбиелеуші және дамытушы болып бөлінеді.

Экологиялық білім берудің оқытушылық мақсаттары — оқушыларға экологиялық білім беру, оларды ептілік және дағдыларын қалыптастыру жүйесі менгеруге алып келу. Оларға келесілер жатады:

- оқушыларда қоршаған орта жағдайларында тірі ағзалардың өмір сүру қызметін, заңдылықтарын, қоғам және табиғат арасындағы байланысты, қазіргі таңдағы экологиялық дағдарыс мәселелері жайлы білім беруді қалыптастыру;
- жаратылыстану ғылымдарының экологиялық аспектілерін түсіну, жаратылыстану мен гуманитарлық білім беру жүйесінде ғылымтану интеграциясын дамыту;
- табиғатты және қоршаған ортаны қорғау бойынша экологиялық жүйені оқыту жөніндегі практикалық білік пен дағдыны дамыту.

Экологиялық білім беру оқушының жеке адамдық білім қорын байытады, табиғат байлығын және құндылықтарды бағалауға үйретеді.

Экологиялық білім берудің тәрбиелік мақсаты мыналарды қамтиды:

- табиғат тұтастығы мен құндылықтары арасындағы байланыстар мен бағыттардың, адам құндылықтары мен оның өмірі мен денсаулығын қамтуды қалыптастыру;
- оқушыларда табиғатқа деген танымдық көзқарастарын, эмоционалдық және эстетикалық қабылауды дамыту;
- оқушыларда табиғатты қорғауға деген жауапкершілік сезімін дамыту;
- табиғат жөнінде білімді және ғылыми, ғаламдық көзқарастарды қалыптастыру.

Экологиялық білім берудің дамытушы мақсаттары — оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, оларда экологиялық ойлау стилін қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынаста бола алу қажеттілігін, сонымен қатар оқу және ғылыми-зерттеу жұмыспен айналысуға деген қабілеттілікті дамыту.

Экологиялық білім беру экологиялық ережелерді, заңдарды меңгеру арқылы, табиғаттың әр түрлілігін және құндылықтарын түсіндіретін және оны сақтап қалу әдісін таңдау оқушының жеке адамдық және қоғамдық маңызды қасиеттерін бекітеді.

Меңгерілген білім бірден табиғатқа деген іс-әрекеті мен мінез-құлқына, пікіріне айналмайды. Сондықтан экологиялық тәрбиеге аса маңызды көңіл бөлу қажет. Өйткені қоғам мен табиғаттың өзара біріне-бірі әсер ететіндігі туралы көпшілікке білім беру, адамның практикалық іс-әрекетінде басшылыққа алатын табиғатты қорғау дағдыларын қалыптастырады [2].

Экологиялық білім берудің құрылымы педагогикалық білім беру жүйесін, қызметтер тәсілін, шығармашылық қызметтер тәжірибесін және қоршаған ортаға деген эмоционалдық құндылықтарды қалыптастырады. Экологиялық білім берудің мазмұнын қалыптастыратын сыртқы көзі болып экология ғылымы табылады. Ішкі көзі болып оқушылар арасында экологиялық білім берудің психологиялық және жас ерекшеліктерін қалыптастыратын педагогика және психология ғылымдары жатады.

Педагогикадағы білім беру мазмұны жиі білім беруге бағытталған әлеуметтік тапсырыс педагогикалық модельді анықтайды.

Экологиялық білім жүйесінде (теория, заңдар, ұғымдар, фактілер) адамзат тарихында жиналған бүкіл табиғат жайлы білімдерді қамтиды. Өлі және тірі табиғат жүйелерінің ара қатынасын анықтайды. Экологиялық білім тұлғаның қоршаған ортадағы құндылықтарын анықтайды. Неғұрлым меңгерілген білімнің көлемі және жүйелілігі көп болса, соғұрлым оның жеке құндылықтар жүйесіне енуі мүмкін. Экологиялық білім мазмұнына енген білімдер жүйесі оның *гносеологиялық құраушысын* қалыптастырады.

Білім беру мазмұнына енген экологиялық қызметтің тәсілдері, тұлға мен меңгерілген және оның білік пен дағдыларына айналған әлемнің ғылыми суретін түсінуге, табиғатты сақтау, мәдениетті қайта жаңғыртуға дайындайды. Экологиялық білім беру мазмұнындағы іс-әрекеттердің түрлері мен тәсілдері *қызметтік құраушысы* анықтайды.

Құраушы мазмұны, шығармашылық іс-әрекетті қамтиды, меңгеру және игеру деңгейіне байланысты жаңа деңгейдегі қызмет тәсіліне өтеді.

Қоршаған ортаға деген эмоционалдық құндылық байланысы әлеуметтік белсенділікті ынталандырады, басқа да құраушылар мазмұнын игеруге ықпалын тигізеді.

Аксиологиялық (құндылық) құраушы экологиялық білім беру мазмұны білім беру құндылықтары, табиғатты қабылдаудағы ережелер мен заңдылықтардан адам және табиғат арасындағы арақатынастан құралады.

Экологиялық білім беру мазмұнын игеру арқылы оқушының экологиялық білім беру қабілеті дамиды және оқушыларда ғылыми көзқарас пен экологиялық мәдениет қалыптасады.

Білім беру мазмұны оқушылармен оқу үрдісінде меңгеріледі, нормативті құжаттар негізінде мазмұнын қалыптастыру және талдау жасау педагогтар және методистер арқылы жүзеге асырылады.

Теориялық білім беру негізінің мазмұнын қалыптастыратын келесі педагогикалық заңдылықтар қамтиды:

- мазмұнның әлеуметтік-педагогикалық келісілуі;
- оқытудың, тәрбиелеу және дамытудың бірлігі;
- мазмұнның құрылымы оқытудың мақсатына, міндетіне және тәрбиесіне тәуелділігі;
- білім беру мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктерін ескереді;
- білім мазмұнындағы құрылымдық құраушылардың бірлігі;
- оқытудың теориялық және практикалық байланысы;
- экологиялық білімнің дамуындағы жүйелілік.

Жалпы білім беру мазмұны мемлекеттік тапсырыс арқылы жүзеге асырылып, Мемлекеттік білім беру стандарты арқылы анықталады [3].

Педагогикалық ғылымда мазмұнының келесі деңгейлерін бөліп қарастырады: жалпы теориялық деңгей; оқу пәндерінің деңгейі; оқу материалының деңгейі; педагогикалық деңгей; тұлға деңгейі.

Жалпы теориялық деңгей экологиялық білімнің құрылымы туралы, шығармашылық әрекеті мен табиғатқа деген жалпы эмоционалды құндылықтары біртұтастығын қалыптастырады. Экологиялық білім мазмұнының осы деңгейлерінде гнесеологиялық, қайраткерлік, шығармашылық, аксиологиялық құраушыларының жиынтығы толықтырады.

Экологиялық білім мазмұнының теориялық түрі экологиялық білім мен іс-әрекетті қамтыған оқыту пәндерінің жиынтығы қарастырылған — оқу жоспары. Бұл биология, география, химия, физика, сонымен қатар тарих, әдебиет және т.б. оқу пәндері. Осындай жағдайда мектеп тәжірибесінде экологиялық білімнің көппәнділік үлгісі қалыптасады.

Егер оқу жоспарына (оған мектептік құраушы) «экология» пәні енгізілсе, экологиялық білімнің мазмұны маңызы сол пәнде көрсетіледі (экологиялық білімнің бір пәндік үлгісі қалыптасады).

Оқу пәнінің деңгейінде экологиялық білім деңгейін қалыптастыратын құрылымның мазмұны анық көрсетілген. Әрбір оқулық (және бірінші орында «экология») осы деңгейде экологияның негізін, соның ішінде табиғат және қоғам арасындағы әр түрлі кезеңдердегі және олардың тарихи дамуы барысындағы қарым-қатынасты бейнелейді. Сонымен бірге әрбір пән мазмұнның төрт компонентін құрайды: білімділік, тұрақтылық, шығармашылық, эмоционалды-құндылық.

Оқу материалының деңгейі негізінде экологиялық білім мазмұнының жүзеге асырылуына оқулықтарда және оқу құралдарында нақты көрсетілген: деректер, түсінік, іс-әрекет, тәсілдері, құндылық, қағида, ережелер көрсетілген экологиялық оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Экологиялық тұрғыдағы оқу материалы (мысалы, оқу тақырыбы) пән мазмұнының төрт элементі мазмұндалатын көлемде және әр түрлі байланыста мазмұндалады.

Жоғарыда аталған үш деңгей экологиялық білімді оқу жүйесіндегі әлеуметтік тапсырыстың педагогикалық моделі ретінде қарастырады. Білім мазмұны нақты оқу үрдісінде педагогикалық шындық деңгейінде жүзеге асырылады.

Педагогикалық шындық деңгейінде экологиялық білім әр түрлі жалпы білім беретін мекемелер (жалпы білім беретін мектептер, пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер, гимназиялар, лицейлар) арқылы жүзеге асады.

Жеке тұлға дәрежесінде экологиялық білімнің мазмұны мұғалім және оқушы арасындағы қарым-қатынас барысында анықталады.

Әр түрлі деңгейде экологиялық білімнің мазмұны жеке тұлғаны қалыптастыру барысында әлеуметтік және педагогикалық талдауды қарастырады [4].

Экологиялық білім берудің мазмұны педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік принциптер негізінде қалыптасады. Принциптердің теориялық жағдайы білім мазмұнының нормативті моделі ретінде жалпы теориялық дәрежеде қарастырылады. Осы принциптер негізінде экологиялық білім беру мазмұнына осы және басқа талаптар қажет етіледі.

Экологиялық білім беру мазмұнын қалыптастыратын ең аса бір негізгі принцип болып барлық құраушы мазмұнының әлеуметтік тапсырысқа сәйкес келуі есептеледі. Нарық пен жаңарудың барысында бүгінгі таңда үкіметіміз экологиялық мәселелерге баса назар аударып отыр. Соңғы шыққан қаулыларда көпшілікке экологиялық білім мен тәрбие беруді іске асыру кейінге қалдырмайтын мәселе екені ашық айтылып жүр.

Экологиялық білім мен тәрбие солардың ішінен ең маңыздысы экологиялық мәдениетті қалыптастыру, туған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу қарастырылады.

Мәдени-зеректік принциптері экологиялық білімнің келесі жүйесінің қалыптасуын талап етеді, өткеннің және болашақтың мәдени құндылықтарын ескере отырып, экологиялық білімді қалыптастырады. Экологиялық білім мәдени зеректік принципі тұрғысынан жеке тұлғаның мәдениетке енуін, оқу бағдарламаларының және экологиядан оқу материалдарының экологиялық мәдениетті қалыптастыратынын аңғартады. Экология ғылымын және экологиялық білімді мәдениеттің құрамдас бөліктері ретінде қарастыруды түсіну маңызды. Оқушылардың табиғат заңдылықтарын білуі қазіргі таңдағы адам мәдениетінің ең ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады, сонымен қатар экологиялық білімді адамзат баласының қайсысы, қандай мамандық иесі болмаса да меңгеруі қажет.

Жүйелілік принципі экологиялық білімнің мазмұнын гнесеологиялық, іс-әрекеттілік, шығармашылық, аксиологиялық құраушылардан құралған жүйе түрінде анықтайды. Экологиялық білімнің

мазмұнына енетін білім, іс-әрекет түрлері мен тәсілдері, құндылықтар өзара бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста және олардың барлығы экологиялық білімнің мақсатқа жетуін қамтамасыз етеді.

Ғылыми принцип экология, педагогика және экологияны оқыту әдістемесі пәнінің қазіргі таңдағы ғылыми жетістіктерінің ақпараттарын көрсетеді. Экологиялық білім мазмұнына ғылыми (барлық деңгейдегі материалдары) сараптаудан өтпеген ақпараттардан енгізілмейді.

Фундаменталдық принципі экологиялық білім мазмұнына әдістемелік білім және дағдыларды енгізуді талап етеді. Әдістемелік білім оқушыларды экология ғылымының жеке ғылым ретінде қалыптасуын, экологиялық зерттеулерге тән оның құрылымымен, жалпы ғылыми, арнайы әдістерімен және оның тарихының қалыптасуын қарастырады.

Фундаменталдық принципі білімді қарқынды ақпараттық ағымнан сақтайды. Экологиялық білімнің фундаменталдық мазмұны оқушылар арасында ғылыми қызығушылықты, зерттеу жұмыстарын жүргізуді, болашақта мамандық таңдауда кәсіптік қызығушылықты тудырады.

Теориялық және практикалық байланыс принципі экологиялық білім мазмұнына әр түрлі танымдық деңгейдегі және экологиялық іс-әрекеттің түрлерін енгізу тәжірибелік және практикалық жұмыстардың тақырыптарын кеңейтеді.

Білім бағытының құндылық принципі тек қана ғылыми жағынан ашып қарастыру емес, сонымен қоса адамзат пен табиғат арасындағы өнегелі қарым-қатынасын анықтайды, яғни оқушылардың жалпы адамзаттық құндылықтары мен жаңа адамгершілік қағидасы туралы түсінікті меңгертуін қамтамасыз ету. Экологиялық мазмұнының бағытталу құндылығының күшеюі оның экологиялық-гуманистік және өнегелі ойларының бауы арқасында мақсатқа жетуі мүмкін. Ол дегеніміз — өмір құндылығы, табиғат құндылығы, ғылым мен білім, тірі табиғат пен адамзатқа зиян келтіретін ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін қолдануға рұқсат бермеу.

Білімге тәжірибе түрінде бағытталу принципі экологиялық білім мағынасының бауы қазіргі қоғамның және әрбір адам өмірінің, ғылыми ашылымдар мен ғылымның дамуына үлес қосқан ғалымдар, сонымен қоса, экология ғылымымен байланысқан мамандық туралы білім мазмұнының ағысын талап етеді.

Экологиялық білім мазмұнының іріктеу ерекшелігінде *өлкетану қағидасының* талабы бар. Бұл талаптар оқу пәндерімен, оқу материалдары мен мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті объектілерді оқытуына бағытталған, нақты берілген аймағы мен туған өлкесінің деңгейіне сай келеді.

Барлық аталған принциптер экологиялық білім мазмұнының теориялық негізін іріктеуінде анықталады. Оларға жалпы теориялық ойлар, оқу материалдары, педагогикалық іс-әрекеттер мен жеке тұлға қалыптасуындағы деңгейі жатады [5].

Қорыта айтқанда, экологиялық білім берудің басты мақсаты — жеке тұлғаның бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатпен өзара гармониялық байланысты нығайту. Экологиялық білім берудің мазмұны — педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік принциптер негізінде қалыптастыру. Экологиялық білім беру негізінде табиғатқа жаңашырлықты тудыртып, тәрбиелеу арқылы туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру жатыр. Бүгінгі таңда экологиялық білім берудің маңыздылығы артты. ХХІ ғасырдың жастарында табиғатты қорғау, аялау принциптері ең басты мақсатқа айналуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Моисеев Н.И.* Экология и образование. — М.: ЮНИСАП, 1996. — 191 с.
- 2 *Дерябо С.Д., Ясвин В.А.* Экологическая педагогика и психология. — Ростов н/Д.: Феникс, 1996. — 480 с.
- 3 *Бейсенова Ә.С.* Экология: Оқулық. — Алматы: Ғылым, 2001. — 23-б.
- 4 *Зверев И.Д.* Экологическое образование школьников. — М.: Педагогика, 1983. — 160 с.
- 5 *Шалғымбаев С.Т., Ефремов С.В.* Тенденция экологического образования. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2004. — 160 с.

Р.Т.Мусина, Е.К.Кейкин

Цели и содержание преподавания экологического знания в общеобразовательных школах

В статье определены цели и содержание преподавания экологического знания в общеобразовательных школах. Четко определена цель экологического образования и показано развитие экологической культуры индивидуума. Содержание экологического образования рассмотрено на основе педагогических, дидактических и методических принципов и выделено содержание структуры построения уровня знания.

R.T.Musina, E.K.Keykin

Aims and content of teaching of ecological knowledge at comprehensive schools

This article examines aims and content of teaching of ecological knowledge at comprehensive schools. The aim of ecological education is clearly defined and development of ecological culture in each individual is showed. The content of ecological education is defined on the basis of pedagogical, didactical and methodical principles and the content of structure of knowledge level formation is exhibited.

References

- 1 Moiseev N.I. *Ecology and education*, Moscow: UNISAP, 1996, 191 p.
- 2 Deryabo S.D., Yasvin V.A. *Ecological pedagogics and psychology*, Rostov on Don: Phoenix, 1996, 480 p.
- 3 Beisenova A.S. *Ecology*, Almaty: Nauka, 2001, 23 p.
- 4 Zverev I.D. *Ecological education of schoolchildren*, Moscow: Pedagogika, 1983, 160 p.
- 5 Shalgimbaev S.T., Efremov S.V. *Tendency of ecological education*, Almaty: Kazak universiteti publ., 2004, 160 p.

Ш.К.Елеупаева, А.Ж.Шайбек, С.С.Тыржанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: issaya@mail.ru)

Сүт қышқылды бактериялардың сусын дайындауда биохимиялық қасиеттерін жоғарылатудың кейбір жолдары

Мақалада қазіргі өндірісте кеңінен қолданылатын сүтқышқылды бактериялардың адам ағзасына әкелетін әсерлері мен олардың құрамына лимон қышқылын қосып, биохимиялық қасиетін жоғарылату түрлері қарастырылған.

Кілт сөздер: биотехнология, микробиология, микрофлора, туберкулез, стрептококк, стафилакокк.

Сүт өнімдерінің дәстүрлі биотехнологиясы ашытқы және биопрепараттар түрінде қолданылған таза өсімдік микрофлораларын кеңінен қолдануға тарихи негізделген. Осы теорияға сүйене отырып, жаңа биопрепараттарды қазіргі инновациялық деңгейде өндіруде табиғи микрофлоралардың алатын орыны ерекше. Тек сүтқышқылды сусындардың сан алуан түрлерін өндірісте шығарып, адам ағзасындағы қалыпты микрофлораның жұмысын жеделдету мақсатында биологиялық белсенді қоспалары бар сусындар кеңінен таралып келеді. Бірақ сүтқышқылды бактериялар сүтқышқылды өнімдермен бірге ішекке түскен соң ағзаға түскен улы заттар пайда болуымен қоса ақуыздардың төмендеуі, шіріту бактерияларының дамуын тежейтін микроорганизмдер өміршеңдігіне әсерін тигізетін қышқылдық орта құрайды [1]. Көптеген сүтқышқылды сусындар құрамында ішекке қажетсіз микрофлоралардың дамуына әкелетін антибиотикалық заттар болады (мысалы, туберкулез қоздырғышы, стафилакокктар, және басқа микроорганизмдер). Ацидофильді таяқшалар, сүт және қаймақ стрептококктар, бифидобактериялар және басқаларынан да абиотикалық заттарды бөліп шығара алады. Бірақ медицинада антибиотиктерді кеңінен қолданылуына байланысты құрамы ацидофильді таяқшалар мен бифидобактерияларға байытылған өнімдердің рөлі жоғарылай бастады [1, 2]. Керісінше, белгілі бір мөлшерде ауыспайтын жеңіл сіңімді аминқышқылдарға және ағзаға диеталық жағынан өте пайдалы келетін ашытқылар мен бактериялардың табиғи түріне қарағанда жасанды жолмен алынған, оны ББҚ деген атпен тағамдар құрамына енгізе салатын бактериялар мен ашытқылар топтары, сонымен қатар жасанды аромат бөлгіш стрептококктар қатары жыл санап өсіп келеді [3].

Зерттеу әдістері және нысандары

Осыған орай зертханалық жағдайда аромат бөлгіш бактериялар орнына кәдімгі лимон қышқылын қосып, майлылығы төмен және арнайы сүтқышқылды бактериялардың қатысуымен сусын құрамын қарастырдық. Қазіргі емдік сусындардың көпшілігі майлылығы төмендетілген сүттерден жасалынып жүр. Тіпті адам ағзасына өте пайдалы деп санайтын ұлттық қымыз сусынын да сиыр сүтінен даярлау технологиялары да қолданылып жатыр. Зертханалық жағдайда жасалынған сусынның бір кемшілігі — жазда одан көмірқышқыл газы көбірек бөлінуінде. Сондықтан мұндай сусынды даярлағанда қантты аз (3 %) қосуға тура келеді. Мұның өзі шамадан тыс болатын спирттік ашу үрдісін тежейді [2, 3]. Бұл сусын шипалық мақсатта қолданылатын болғандықтан, сүтті сумен сұйылтудың орнына майсыздандырылған сүт қосып, ашытқылар құрамына сүт қышқылды ашу үрдісін жүргізетін бактериялардың ішіндегі ең маңыздылары: *Str. Lactis*, *Lb. Bulgaricum*, *Torulopsis S_k* штаммы қолданылды. *Str. Lactis* — қос-қостан немесе моншақ тәріздене тізіле орналасқан шар тәрізді бактериялар, +30–35 °С температурада өсіп дамиды. Ашу барысында ортада 1 %-ке дейін қышқыл түзеді. Сол сияқты *Lb. bulgaricum* да ұзындығы 4–5 микрондай болатын қозғалмайтын таяқша, өніп-өсуге қолайлы температура +40–48 °С. Ортада 3,0–3,5 %-ке дейін қышқыл түзе алады. Қышқылды ортаға аса төзімді. Ал *Torulopsis S_k* штаммының туысына жататын ашытқылардың ішінде сүт сусындарын даярлауда белсенді қолданылады. Сүт қышқылды бактериялар шар және таяқша тәрізді болып келеді де, өздері қозғалмайды, спора да түзбейді және ауалы да, ауасыз да жерлерде бірдей тіршілік ете береді. Бірақ бактериялар топтарының барлығы дерлік бірдей мөлшерде сүт қышқылын түзе бермейді. Олардың кейбір топтары қышқыл ортаға төзімсіз (шар тәрізділері) келеді. Ал таяқша


тәрізді сүт қышқылды бактериялары ортада едәуір мөлшерде (1,5–2 %) қышқыл жинай алады және осындай жағдайда тіршілік етеді. Сүт қышқылды бактериялары моно-және дисахаридтерді ашытады, ал крахмал және басқа күрделі полисахаридтерді ажырата алмайды. Бұл бактериялардың кейбір түрлері асқазан ауруын қоздырушы микробтарды қыратын антибиотиктер түзетіні де анықталды [2].

Лимон қышқылы сүт құрамында тұздардың тепе-теңдігін және ашытқылар құрамындағы таза сүт қышқылды бактериялар өсінділерінің коллоидты жағдайын ұстап тұратыны белгілі. Әдеби деректерге сүйене отырып, дайындап отырған сусын ашытқысының тез арада дайын болуына, сақтау мерзіміне, сонымен қатар қышқыл және аромат бөлуіне лимон қышқылының қалай әсер ететінін мақсат етіп қойдық. Бұл үшін дайындап алған ашытқымызға бір кезеңде 0,03 %, 0,1, 0,15, 0,2, 0,3, 0,4, 0,5, 0,6 және 1 % көлемінде лимон қышқылын енгіздік. Ал сусынның биохимиялық көрсеткіштерін бірінші, екінші, төртінші, алтыншы, сегізінші және он екінші тәуліктерде анықталып отырды. Анықтамалар үш рет жүргізілді. Бақылау ретінде ашытқыға лимон қышқылы қосылмаған және осы ашытқылардан тұратын сусын алынды. Бақылау нәтижелері төмендегі суреттерде көрсетілген.

Жұмыстың нәтижесі және сараптамасы


Алынған деректерден сусынға лимон қышқылын қосқанда көмірқышқылды өте көп мөлшерде бөлініп, дәмдік сапасы жоғарылап және алдын ала ашып кетуін тоқтатады. Бұлардың ішінде ең оңтайлы көлем ретінде 0,3 %-ды атауға болады.

Лимон қышқылын 0,4 %, 0,5, 0,6 және 1 % көлемінде қосқан сусынның дәмдік қасиеті төмендеп, қышқылдығы жоғарылап кетті және әктің тұнбасы пайда бола бастады. Тәжірибе көрсеткендей, 0,3 % лимонның қышқылы қосылған сусынның қанты ашытқы ортадасында аз утилизиленіп, қышқылдығы төмендейді және газ көп бөлінеді (1-сур.).




1-сурет. Сусынға лимон қышқылын қосқанда қышқылдықтың өзгеруі

Тәжірибе көрсеткендей, сусынның қанты ашытқы ортасында аз утилизиленіп, қышқылдығы төмендейді және газ көп бөлінеді. Зертханалық жағдайда жасалынған сусынның бір кемшілігі — жазда одан көмірқышқыл газы көбірек бөлінетінін 2-суреттен байқай аламыз.




2-сурет. Лимон қышқылы қосылған CO₂ бөлу динамикасы

Алынған тәжірибе көрсеткішінде сусынға лимон қышқылын қоспай тұрғанға дейін спирттің бөлінуі бақылау көрсеткішінде төменгі дәрежені көрсетсе, 0,3 %-ды лимон қышқылын қосқаннан кейін өнімде қанттың мөлшері жоғарылау нәтижесінде спирттің бөліну динамикасы қалыпты болды (3-сур.).



3-сурет. Сусынға лимон қышқылын қосқанда спиртті бөлу динамикасы

Қанттың аз жұмсалыу себебі лимон қышқылының микроорганизмдерін қолданған сияқты көрінгенімен, алайда табиғи өнімнен алғанын дәлелдеуге мүмкіндік әбден бар. Алайда лимон қышқылы сүтті ортада тұздарға ыдырап, сүтқышқылды бактериялар мен ашытқылар ортасында жақсы сіңіп, өнім сапасын жоғарылатып, жағымды дәм мен иіс береді екен (4-сур.).



4-сурет. Лимон қышқылы қосылған сусынының ацетальдегид бөлу динамикасы

Буферлік сыйымдылық сүт қышқылды өнімде негізгі физикалық-химиялық факторлардың бірі болғандықтан, ортаның рН деңгейін бірқалыпты ұстап тұратын ерекшелігі бар. Сондықтан сусынға лимон қышқылын қосып дайындау және сақтау кезінде буферлік сыйымдылығын анықтау алға қойылды [4].

Төмендегі кестеге қарап отырып, тәжірибе басында лимон қышқылын қосу сусынды 100 °Т-ге дейін ашытады да, қышқылдығы біртіндеп жоғарылай түседі және он төртінші тәулікте ол 140 °Т-ге жетеді. Ал бақылауда қышқылдық 80 °Т болып, он төртінші тәулікте 180 °Т-ге жетеді. Осыған орай рН деңгейі де төмендейді. Бақылау тәжірибесінде буферлік сыйымдылық бірінші тәулікте 0,61 болса, ал лимон қосылған сусында 2,45 екенін байқауға болады. Шикізаттың бастапқы ауқымды буферлік сыйымдылығы арқасында сусынның тез ашып кетпеуін байқауға болады. Осы жасалынған тәжірибелерге сүйене отырып, сусынға лимон қышқылын қосу арқылы буферлікті жоғарылатып, қышқылдығын төмендете отырып, сақтау мерзімін құрамындағы ашытқылардың қасиеттерін жоймай, ұзақ уақыт сақтауға болатынын көруге болады (кестені қара).

0,3 % лимон қышқылы қосылған сусындардың буферлік қасиетінің өзгеруі және олардың қышқыл жиналуына әсер етуі

№	Тәжірибелер түрлері	Сусынның жасы, (тәулікпен)	Қышқылдығы, °Т	pH	Буферлік сыйымдылық, В
1	Лимон қышқылы қосылған ашытқы	1	100	4,00	2,45
		3	108	3,74	2,45
		5	120	3,64	2,45
		7	125	3,51	2,45
		10	130	3,42	2,73
		14	140	3,40	3,06
2	Лимон қышқылы қосылмаған ашытқы (бақылау)	1	80	5,05	0,61
		3	120	3,50	2,00
		5	130	3,50	2,13
		7	135	3,35	2,17
		10	150	3,25	2,45
		14	180	3,21	2,65

Қорытынды

1. Жасалынған тәжірибелер кезінде лимон қышқылына басқа да қолайлы факторы болып оның буферлік сыйымдылығы да болуы мүмкін. Бірақ ортаның химиялық көрсеткіштері, яғни сутек ионының концентрациясы (pH), тотығу-тотықсыздану потенциалдарының көрсеткіштері, буферлік сыйымдылық (В) микроорганизмдердің дамуына айтарлықтай маңызды екенін көруге болады.

2. Сүт қышқылды бактериялар *Str. Lactis*, *Lb. Bulgaricum* және ашытқы түріндегі *Torulopsis Sk* штамынан өндірілген сусын құрамына лимон қышқылын қосу арқылы олардың сапалық қасиетін жоғалтпай, сақтау мерзімдерін температура 18–20 °С екі аптаға ұзартуға болатыны қарастырылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Германов Н.И.* Микробиология. — М.: Просвещение, 2002. — 219 с.
- 2 *Елеупаева Ш.К., Тулеуов Е.Т.* Производство закваски из кобыльего молока с целью использования ее в биологически активных напитках. — Семипалатинск: КазГосИНТИ, 2002. — С. 9–20.
- 3 *Бобылин Б.В.* Физико-химические и биотехнологические основы производства кисломолочных продуктов. — Кемерово: Изд-во КТИ, 1998. — 256 с.
- 4 *Храмцов А.Г., Нестеренко Н.Г.* Безотходная технология в молочной промышленности. — М.: Агропромиздат, 1989. — 326 с.

Ш.К.Елеупаева, А.Ж.Шайбек, С.С.Тыржанова

Некоторые пути повышения биохимических свойств кисломолочных бактерий при изготовлении напитка

В статье рассмотрены широко используемые в производстве кисломолочные бактерии и их влияние на организм человека. Даны диагностические признаки улучшения биохимических и микробиологических факторов при добавлении лимонной кислоты. Изучены биохимические особенности кисломолочных бактерий и их особенности.

Sh.K.Eleupaeva, A.Zh.Shaibek, S.S.Tyrzhanova

Some ways of increase of biochemical properties of sour-milk bacteria at drink production

In article are considered in production widely used the sour-milk bacteria and their influence on a human body. Diagnostic signs for improvement of biochemical and microbiological factors with addition of lemon acid are given. Biochemical features of sour-milk bacteria and their feature are studied.

References

- 1 Germanov N.I. *Microbiology*, Moscow: Prosveshchenie, 2002, 219 p.
- 2 Eleupaeva Sh.K., Tuleuov E.T. *Production of starter cultures of fermented mare's milk for use in bioactive beverages*, Semi-palatinsk: KazGosINTI, 2002, p. 9–20.
- 3 Bobylin B.V. *Physico-chemical and biotechnological production of fermented milk products*, Kemerovo: KTI publ., 1998, 256 p.
- 4 Khramtsov A.G., Nesterenko N.G. *Waste technology in dairy industry*, Moscow: Agropromizdat, 1989, 326 p.

А.Е.Старикова

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: anenka82@yandex.ru)

Оценка воздействия добычи полиметаллической руды открытым способом на почвенный покров месторождения «Родниковое»

В статье рассмотрено воздействие добычи полиметаллической руды открытым способом на почвенный покров месторождения «Родниковое». Отмечено, что воздействие и нарушение земной поверхности проявляются при эксплуатации карьера, породного отвала, усреднительного склада руды, отвалов забалансовых руд и шламоотстойника. Анализ показал, что в отвалах вскрышных пород содержится повышенное количество веществ 1–4 класса опасности, превышающих фоновые ПДК в несколько раз, что при неправильной эксплуатации может привести к загрязнению окружающей среды.

Ключевые слова: вскрышные породы, добыча открытым способом, отвалы, тяжелые металлы, водорастворимые формы, загрязнение.

Современные масштабы горнодобывающего производства характеризуются интенсивным использованием природных ресурсов, нарастанием отходов и ухудшением качества окружающей среды. В связи с этим все большее внимание уделяется вопросу экономически обоснованного и экологически безопасного функционирования горнодобывающего предприятия. Специфика влияния конкретного горнодобывающего предприятия на окружающую среду обусловлена геолого-геохимическими особенностями месторождений и применяемой техникой и технологией для его разработки.

Для всех способов разработки месторождений характерно воздействие на биосферу, затрагивающее практически все её элементы: водный и воздушный бассейны, землю, недра, растительный и животный мир. Это воздействие может быть как непосредственным (прямым), так и косвенным, являющимся следствием первого. Размеры зоны распространения косвенного воздействия значительно превышают размеры зоны локализации прямого воздействия, и, как правило, в зону распространения косвенного воздействия попадают не только элемент биосферы, подвергающийся непосредственному воздействию, но и другие элементы [1, 2].

В зоне действия добывающих предприятий изымаются из сельскохозяйственного оборота земли, нарушаются целостность земных недр и водный режим, загрязняются земная поверхность, водные источники и воздушный бассейн; в конце концов, формируются новые ландшафты, во многих случаях не отвечающие условиям нормальной жизнедеятельности человека [3, 4].

Наиболее неблагоприятным является открытый способ, при котором забалансовые руды и минерализованные вскрышные породы в огромных количествах складываются на поверхности, превращаясь в мощный источник загрязнения почв и воды на десятки и сотни лет. Накапливающаяся в теле отвала атмосферная влага превращается в насыщенную металлами серную кислоту, самотеком сбрасываемую с дренажными водами в подстилающие отвалы почвы, грунтовые воды и далее в ручьи и реки [5].

Влияние деятельности предприятий горной промышленности на состояние земельных ресурсов чрезвычайно разнообразно по формам своего проявления. Помимо количественного сокращения продуктивных земельных площадей в результате изъятия их из народнохозяйственного оборота, при эксплуатации горнодобывающих предприятий происходит значительное изменение структуры и состава поверхностного слоя земной коры, приводящее нередко к полной или частичной потере плодородия земельных угодий [6].

Как показывает хозяйственная практика, к объектам особенно повышенной экологической опасности нужно отнести намывные горнотехнические сооружения — гидроотвалы и хвостохранилища. Дело в том, что их формирование обуславливает изъятие значительных земельных площадей, загрязнение воздушных и водных бассейнов, изменение режимов подземных и поверхностных вод. Потеря устойчивости ограждающих дамб может привести к затоплению прилегающих территорий и, соответственно, к загрязнению глинистыми или токсичными пульпами плодородных земель, а также к дополнительному (по отношению к обусловленному фильтрационными потерями) загрязнению поверхностных и подземных вод [6].

Оценка воздействия разработки месторождения «Родниковое» на почвенный покров

На территории месторождения почвенный слой тонкий (не превышает 0,15–0,20 м). В основном развиты полынные, тонковато-попынно-тырсиковые степи в комплексе с сообществами на засоленных участках. Продуктивность земельных ресурсов района пустынно-степных земель ниже средней, они не имеют существенного сельскохозяйственного значения. Преобладают светло-каштановые малоразвитые почвы. По механическому составу почвы в основном суглинистые, не очень податливые ветровой эрозии.

При производственной деятельности месторождения «Родниковое» — добыче полиметаллической руды открытым способом — происходит нарушение земной поверхности: сначала при строительстве карьера и его объектов, а затем при развитии горных работ: добычных, вскрышных и отвальных. В основном нарушение земной поверхности происходит при эксплуатации следующих объектов: сам карьер, породный отвал, отвал плодородного слоя почвы, усреднительный склад руды, отвалы забалансовых руд и шламоотстойник.

Учитывая условия пространственного размещения рудных тел, их локализации, вскрытие и разработку смешанно-окисленных и смешанно-сульфидных руд оптимально производить открытым способом, экономически более выгодным в сравнении с подземным.

С территории, застраиваемой объектами рудника, и с территории самого карьера перед началом строительства снимается растительный слой и складывается во временные отвалы. Толщина растительного слоя принята 0,2 м. Общий объем отвалов растительного грунта составляет 42 тыс. м³. Плодородный слой карьера, рудных складов и породного отвала, шламоотстойника складывается в отвал ППС (площадью 4,2 га), расположенный в 100 м юго-западнее карьера. Южнее проектируемого карьера на расстоянии 0,2 км размещается отвал вскрышных пород — 2,3 млн м³, площадь которого составляет 20,7 га.

Предусматриваются устройство внутреннего отвала после отработки широтной зоны месторождения, расположенной в западной части карьера, и обратная засыпка данных участков породами вскрыши общим объемом до 1 млн м³. Данная работа будет проводиться на 4–5-й годы отработки месторождения и позволит существенно сократить расстояние транспортировки.

По проекту восточнее располагается шламоотстойник, в который производится сброс карьерных вод, и осуществляется использование карьерных вод в технологической схеме обогатительной фабрики. Площадь, занимаемая прудом, составляет 266 м². Общая площадь земель, объектов месторождения «Родниковое» составляет 51,33 га.

Характеристика вскрышной породы

Вскрышные породы месторождения складываются в отвал вскрышных пород. В результате производственного мониторинга обследованию были подвергнуты пробы отходов на определение содержания химических элементов (валовое) (табл. 1) [7].

Т а б л и ц а 1

Результаты анализов пробы вскрышной породы месторождения «Родниковое»

Вещество	Фон, мг/кг	ПДК, мг/кг	Класс опасности	Содержание, мг/кг	Доли ПДК	Доли фона
1	2	3	4	5	6	7
Вещества 1 класса опасности						
Свинец	527,50	30,00	1	1320,4	44,013	2,503
Бериллий	2,13	10,00	1	2,06	0,206	0,969
Кадмий	–	4,00	1	8,34	2,085	–
Цинк	90,00	100,00	1	874	8,740	9,711
Вещества 2 класса опасности						
Хром	67,50	100,00	2	64,05	0,641	0,949
Никель	31,25	100,00	2	44,44	0,444	1,422
Молибден	11,75	5,00	2	30,32	6,064	2,580
Медь	30,00	100,00	2	41,48	0,415	1,383
Кобальт	11,50	50,00	2	12,8	0,256	1,113
Бор	45,00	25,00	2	10,31	0,412	0,229

Продолжение таблицы 1

1	2	3	4	5	6	7
Вещества 3 класса опасности						
Марганец	750,00	1500,00	3	632,7	0,422	0,844
Титан	4000,00	–	3	2267	–	0,567
Цирконий	187,50	–	3	433,8	–	2,314
Барий	700,00	–	3	278,3	–	0,398
Ванадий	137,50	150,00	3	302,04	2,014	2,197
Стронций	337,50	–	3	137,99	–	0,409
Вещества 4 класса опасности						
Фосфор	550,00	–	4	433,95	–	0,789
Литий	20,00	–	4	36,74	–	1,837
Серебро	0,07	–	4	0,1	–	1,429
Алюминий	–	–	–	42300	–	–

Химический анализ пробы вскрышной породы показывает повышенное содержание:

♦ веществ 1 класса опасности (рис. 1):

- кадмия — 2,085 С_{ПДК};
- свинца — 44,013 С_{ПДК} (2,503 С_{фон});
- цинка — 8,74 С_{ПДК} (9,711 С_{фон});




Рисунок 1. Превышение ПДК химическими элементами 1 класса опасности




Рисунок 2. Превышение ПДК химическими элементами 2 класса опасности




Рисунок 3. Превышение ПДК химическими элементами 3 и 4 класса опасности

♦ веществ 2 класса опасности (рис. 2):

- никеля — 0,444 С_{ПДК} (1,422 С_{фон});
- молибдена — 6,064 С_{ПДК} (2,58 С_{фон});
- меди — 0,415 С_{ПДК} (1,383 С_{фон});
- кобальта — 0,256 С_{ПДК} (1,113 С_{фон});

♦ веществ 3 класса опасности (рис. 3):

- циркония — 2,314 С_{фон};
- ванадия — 2,014 С_{ПДК} (2,197 С_{фон});

♦ веществ 4 класса опасности (рис. 3):

– лития — 1,837 $C_{фон}$;

– серебра — 1,429 $C_{фон}$.

По остальным элементам превышения ПДК (фона) почв не обнаружено. Фоновые значения ЗВ (валовое содержание) района приняты по результатам производственного мониторинга 2008 г. на месторождении «Родниковое».

Минерализация (содержание водорастворимых солей) во вскрышных породах за счет литологического состава (глинистые породы, кора выветривания) и общего засоления достаточно высока — 84,35 мг на 100 г грунта, рН — 9,19, соответствует слабощелочной среде [7].

